



Ақмешіт

3 сәуір
сенбі

№26 (1728)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ТАҒЫ ДА АТЫС, ТАҒЫ ДА АДАМ ӨЛІМІ...

Атлантада екі апта бұрын белгісіз біреулердің епа салондарда атыс ұйымдастырып, адам өлімі тіркелгелі мұндай оқиға саны көбейді. Соның бірі Калифорнияда Оранж атты кеңсе кешенінде орын алды. Полиция өкілі 31 наурызда белгісіз адам кеңсеге қарулы шабуыл жасап, оқиға салдарынан 4 адам көз жұмғанын хабарлады. Қайтыс болғандар арасында кішкентай бала бар екені де айтылды. Қанды оқиғаға байланысты CNN арнасының тілшілері Джо Саттон мен Мэделейн Холкомб арнайы материал дайындады. Қарулы шабуыл туралы материалға «Калифорния штатындағы Оранж кеңсе кешеніне жасалған шабуыл салдарынан төрт адам, оның ішінде кішкентай бала қаза тапты» деген тақырып қойылды.



Тілшілер мақалада полиция мен аймақты басқару өкілдерінің берген сұхбаттарын кірістіріп, шабуылдың болу себебін анықтауға тырысады. Лейтенант Дженифер Аман атыс кезінде бесінші адам оқ жаракатын алып, ауыр халде ауруханаға жеткізілгенін айтқан. «Кешкі сағат 17.30-да офицерлер атыс болған 202 W Lincoln мекен жайына келіп жетті және бірден қарулы қатығысқа тап болды», – деп лейтенант баспасөз конференциясында оқиғаның мән-жайын баяндаған. Оның айтуынша, қандықол қылмыскер офицерлерге де қарсы оқ атып, соңында өзі жаракат алған. Нәтижесінде ауыр халде ауруханаға түсіп, дәрігерлер бақылауына алынған. Лейтенант Аман күдіктіге қатысты да, оқиғаға байланысты да тілшілердің бұдан өзге сұрақтарына жауап қатпаған.

Тілшілер мұндай қанды оқиға салдарынан соңғы екі аптада 20 адам қайтыс болғаны және бұл атыс оқиғасында да құрбан болғандар саны төрттен көп болуы мүмкін деп жазады. Лейтенант Аман мұндай оқиға Оранжда 1997 жылдан бері болмағанын, бұл қатығыс қайтыс болған жанрдың отбасына, қала тұрғындары, полиция, тіпті ел үшін үлкен қасірет екенін айтады. Оқиға орнынан қылмыскердің тек бір ғана қаруы табылған.

Оқиға көпшіліктің көңіліне кірбін түсіріп, мазаларын қашырғанын да авторлар жасырмайды. Ал Калифорния губернаторы Гэвин Ньюсом өз twitter парақшасында «Жүректі ауыртатын қорқынышты оқиға. Қайтыс болғандардың барлық жақын туыстарының қайғысына ортақпын» деп жазба жариялады. Аймақ басшылары бұл оқиғаны назардан тыс қалдырмайтынын жеткізді. Калифорния штатының өкілі Кэти Портер twitter-ге «Оранж округіндегі қатығысты естіп қатты қалапандық. Біз оқиғадан көз жұмғандарды, олардың жақындарын естен шығармаймыз және әрі қарай зерттейміз» деп жазды.

Бұл оқиғаның басты себебі нақты белгісіз. Құқық қорғау органдарының берген ақпараты да көп емес. Дегенмен мұндай қанды оқиғаларды болдырмау үшін жауаптылар түпкі себебін білуге ұмтылатынына тілшілер сенімді.

THE WALL STREET JOURNAL

ВАКЦИНА ТЕК 6 АЙ ҚОРҒАЙ МА?

Жақында вакцина шығарушы компания коронавирусқа қарсы екпенің жанартылған ақпаратын, реакциялық ұзақтығы туралы мәліметті жариялады. Компанияның хабарлауынша, зерттеу нәтижелері Pfizer-BioNTech вакцинасы 6 ай кезінде өте тиімді екенін дәлелдеген. Осыған орай The Wall Street Journal басшылығында Джаред С.Хопкинстің «Pfizer мен BioNTech ең кем дегенде жарты жыл вирустан қорғайды дейді» атты мақаласы жарияланды.



Бейсенбідегі зерттеу нәтижелері соңғы екпе салдырған еріктілердің қорытындысы бойынша жасалған. Сонымен қатар бұл зерттеу вакцинаның Оңтүстік Африкада тіркелген штаммға әсерлі екенін дәлелдеген. «Бұл біздің вакцинамыз қауіпсіз әрі тиімді екеніне дәлел бола алады және ұзақ уақыттық еңбегіміздің жемісі», – деді BioNTech компаниясының басшысы Угур Сахин.

Енді компания иелері әзірге тек төтенше жағдайда қолдануға рұқсат етілген АҚШ-та бұл екпелерді толықтай қолдануға рұқсат алуы кездеп отыр деп жазады тілші. Негізгі аталған екпелер Батыста үшінші фазалық сынауда 95 процент тиімділік нәтижесін көрсеткенде егуге рұқсат етілді. АҚШ-та вакцина 16 жастан бастап егіледі. Тілші сондай-ақ материалда компания 200 млн доза жасап шығарғанын және биыл 2 млрд доза екпе шығаруды жоспарлап отырғанын жазады. Сондай-ақ компанияның зерттеу нәтижелері 12-15 жас аралығындағы балаларға қауіпсіз екенін дәлелдеді. Тілші енді бұл вакцина АҚШ балаларына салынуы мүмкін деп пайымдайды.

Компания вакциналар адамның жанына, жасы мен нәсіліне қарамастан оптималды әсер ететінін хабарлап әлек. Бұл тұжырымға дәлелдері де бар. Шілде айынан бері 46307 адам ерікті түрде екпелерді өзіне сынап көрген. Нәтижесінде екпе салдырғаннан кейін 6 айда оның әсері 91,3 процентті құрап отыр.

4 БЕТТЕ

ШОЛУ

Бейсенбіде осы кезге дейін Қызылорда қаласының әкімі болған Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының өкімімен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Өңірлік даму бөлімінің менгерушісі қызметіне тағайындалды. Нұрлыбек Машбекұлы Сыр өңірінің бас қаласын 8 жылдан астам уақыт басқарды. Осы аралықта қандай тірлік атқарды? Не істеді, не қойды? Осы сұрақтардың жауабын табу үшін соңғы 8 жыл көлеміндегі атқарылған жұмыстарға шолу жасадық.

НӘЛІБАЕВ БАСҚАРҒАН 8 ЖЫЛ



Өткеніне үңілсең ғасырлардан сыр тартатын, бүгінгі бағамдасаң келешегінің кемелдігін аңғартатын Қызылорда Алаштың анасы ғана емес, айбары да. Сұлу Сырдың бойында орналасқан Қызылордадағы қаланы қарқынды дамыту онай шаруа емес. 2013-2020

жылдар аралығында қалада 676,6 мың шаршы метрді құрайтын 194 көпқабатты тұрғын үй салынып, 9164 пәтер пайдалануға берілген. Бұл осынша отбасы баспаналы болды деген сөз. Бұдан бөлек соңғы жылдары Сыр бойындағы бас шаһардың аумағын ұлғайтуға байланысты бірқатар жұмыс жүрді. Қызылорда қаласы аумағының көлемі бұған дейін 11000 гектарды құраса, түзетулер енгізілген жаңа бас жоспар бойынша қаланың аумағы 20528 гектарға ұлғайтылды.

Елордаға қарап бой түзеген Қызылорда қаласында Сырдарияның сол жағалауын игеру қолға алынды. Бүгінде дарияның арғы беті шағын қалаға айналды.

Бұдан бөлек жол жөндеу, жарықтандыру жұмыстары жүрді. 840 шақырымды құрайтын 1177 көше жөнделіп, 181 шақырымды құрайтын 105 көшеге жаяу жүргінші жолы төселді. Түнгі жарықтандыру жұмыстары қолға алынып, 159 шақырымды құрайтын 145 көше жарықтандырылды, бұдан бөлек 184,43 шақырым электр желісі орнатылды. Мемлекеттік бағдарламалар негізінде кәсіпкерлікті қанат жаюына жағдай жасалды. Ауыл шаруашылығында да ауыз толтырып айтатын нәтижелі жұмыс жеткілікті.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

МЕКТЕПТЕГІ ЖЫЛЫЖАЙ

Қаламыздағы әл-Фараби шағын ауданында жағымды жаңалыққа толы білім ордасы ерекше көзге түседі. Ол – Серәлі Лапин атындағы №261 орта мектебі. Жақында әлеуметтік желіден байқағанымыздай, жаңашылдыққа құмар білім ошағы өз жылыжайының алғашқы өнімін алғандығы жайлы қуана жазған болатын. Бұл – биылғы оқу жылының жаңалығы. Біз де мектепке барып, жылыжай жұмысымен танысып, өнімнен дәм таттық.



Қызылорда қаласындағы білім ордасының өзінің өзгеше сипаттағы білім беру стилі мен баланың білім алуға құштарлығын арттыратын идеяларымен ерекшеленетін С.Лапин атындағы №261 орта мектебі оқушыларын қуантып келеді. Ал оқушылары болса, мұғалімдерін қалалық, облыстық, республикалық жарыстар мен байқауларда жетістікке жетіп, марапат биігінен көрініп қуантады. Оған қоса қазір оқушылардың білім алумен қатар бос уақыты жоқтың қасы. Өйткені олар жылыжай жұмысымен танысып, сонда тәжірибе алмасып, өздерін еңбекке баулу үстінде.

– Осы мектепке директорлық қызметке келгеніме бір жарым жыл болып қалды. Жалпы әрбір оқушының жеткен жетістігі бізге маңызды. Аллаға шүкір етемін, түрлі байқауларға қатысқан ұстаздар да, балалар да орын алып, биік белестерді бағындырып келеді, – деген жақсы жаңалығымен бөліскен мектеп директоры Қарлығаш Әбдрахманова бізді жылыжайға өзі ертіп барды.

4 БЕТТЕ

МАРАПАТ

ӨРЕНДЕР КЕУДЕСІНДЕ «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ»




«Білімдінің – күні жарық» деп бекер айтпаған. Әсіресе бүгінгі күні білім қуған жастарға жол ашық, қолдау бар. Өңірдің осындай білімді, талантты, озық ойлы өрендері жуырда «Елбасы медалінің» иегері атанды.

4 БЕТТЕ

САРАПТАМА

РЕПЕТИТОР КІМГЕ ТИІМДІ?



Қазір жыл он екі ай білім беретін репетитордың дәурені. Артық қаржы болса, мектеп табалдырығын алтаған өренді де, бітіруші түлекті де репетитор жалдап оқытқанды жөн көреді. Бұл бір жағынан мұғалімді де, әрі ата-ананы да артық жүктен арылтатын сияқты.

Енді екі айдан соң оқу жылы аяқталып, жазғы демалыс басталады. Бітіруші түлектердің алдағы сынақтарға дайындығы қазірден қызу жүруде. Былтырдан бастап оқу барысы қашықтан жүргізілгендіктен, жалдамалы ұстаздың көмегін күп көргендердің арқағы рас. Олардың берген білімі сапалы ма? Әр сағаты өлшеулі, білімі күн тұратын репетиторды жалдап оқыту мүмкін тиімді шығар?

ІЗДЕМЕЙ-АҚ ТАБЫЛАР...

Репетитор көп жағдайда ҰБТ-ға дайындық жасауда қажет екендігі өтірік емес. Яғни басты мақсат – сабақ барысында игере алмаған пәнді қосымша оқып, менгеру. Көпшілік түсінігінде мұғалім оқушының түсінбеген тақырыбын жеке қалып, түсіндіруі тиіс. Бірақ мұндай оқушы біреу емес бірнешеу. Сондықтан сыныптағы әр баламен жеке дара жұмыс істеу мұғалімге артық күш. Одан бөлек басқа сыныптағы сабағы тағы бар. Осындай сәтте жалдамалы ұстаз бірден-бір көмек.

Ғаламтор деген ғажайыпты ашсаңыз, керекті дегенін бәрін табасыз. Сол сияқты репетиторды да осы жерден іздеп табу

қиындық тудырмайды. Оларға арналған арнайы сайт та бар. Сол арқылы қажетті пән мұғалімін таңдаңыз. Иә, таңдауға ерік берілген. Кімнің қандай дәрежеде оқыта алатыны, білімі, санаты, көрсеткіші, тіпті тәлім алған оқушылардың пікіріне дейін жазылған. Соған лайық ақысы да белгіленген.

Байқағанымыздай, ағылшын тілі репетиторларының қарасы қалың екен. Сондықтан ең төменгі баға 1000 теңге мен 3500 теңгеге жуықтайды. Ал физика, математика, химия, биология сынды пәндердің бағасы 2 мың мен 5 мың теңге аралығында. Тарих пәні мен қазақ тілін оқыту 2000-3500 теңге тұрады. Бұл – сағатына төленетін ақы. Егер жеке оқытатын болса ақы көлемі бұдан жоғары болмақ.

2 БЕТТЕ

НӘЛІБАЕВ БАСҚАРҒАН 8 ЖЫЛ

Білімге, медицинаға, мәдениетке, руханиятқа, спортқа қолдау көрсетіліп, ел мақтанышына айналған жастарымыз топ жарды. Білім саласы бойынша соңғы 8 жылда 15 мектеп, 9 балабақша ашылса, 13 мектеп, 3 балабақша күрделі жөнделуден өтті. Сонымен қатар 4 мәдени нысан, 11 спорттық орталық пен кешендер ел игілігіне берілді. Олардың қатарында «Бокс орталығы», «Ипподром», «Қайнар-Бұлақ» спорттық-сауықтыру орталығы, «Мерей арена» атты футбол алаңы, «Арай» мульт аудандық футбол манежі, «Playground» футбол спорт алаңы, «Керемет» сауықтыру кешені, «Ерсұлтан» спорт кешені, «Белкөз» спорт кешені, қалалық демалыс паркінен парк-арена, 2 футбол алаңы секілді спорттық нысандар бар екенін айта кету керек. Сонымен қатар орталық стадион мен «Локомотив» стадионы күрделі жөнделуден өткізілді және қала көлеміндегі жалпы білім беру мекемелеріне 40 үстел теннис орнатылды.

2015 жылы Қызылордада отбасы үлгісіндегі «Атамекен» балалар ауылы ашылды. Мұнда қаладағы балалар үйінің 65 тәрбиеленушісі көшіп келді. Әр қоттеджде 7-10 баладан тұрады, 3 пен 18 жас аралығындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдер отбасы үлгісінде тәрбиеленеді, яғни әрбір отбасының өз анасы бар. Тағы бір ауыз толтырып айтатын нәтижелі жұмыстың қатарына «Баламекен» жобасын қосуға болады. «Атамекен» де, «Баламекен» де баламасы жоқ жобалар екенін, тек Қызылордада ғана жүзеге асқан нәтижелі жұмыстың бір парасы екенін айта кеткен жөн.

Қалада жалпы 52 аллея мен скверлер бар. Оның ішінде 2020 жылы «Дәрігерлер аллеясы», «Назарбаев даңғылы бойындағы аллея», «Денсаулық және демалыс» саябағы салынып пайдалануға берілсе,

Басы 1-бетте

ҚАЛТАҒА ТҮСЕР САЛМАҚ ҚАНША?

Баласы үшін ата-ана ештеңе аямайды. Әсіресе, мектеп бітіретін баласының сынақтан сәтті өтуі үшін барын салады. Репетитор алдымен осындай сөзге қажет. Қай әке-шеше баласының білімді, саналы болғанын қаламасын?! Жоғары оқу орнына грантка түсіп, мамандық иесі болғанын күл көреді. Кейде білімді тек мектептен алмай, қосымша оқып, тереңінен меңгергені балаға да жақсы. Оған, әрине, қалта көтеру керек.

Сонымен репетитор жалдап оқыту үшін ата-ана қалтасынан қанша қаражат шығарады? Мәселен, 9, 11 сыныпты бітіретін оқушылардың көбі техникалық пәндерге басымдық береді. Әсіресе, сынақ барысында негізгі пән саналатын математикадан, орыс мектебінің оқушылары қазақ тілі, тарих пәнінен репетитор жалдайды екен. Одан соң таңдаған мамандығына сәйкес пән бойынша физика, химия, биология, ағылшын сынды пәндер бар. Сонда бітіруші түлектер кем дегенде екі пәннен репетитор жалдауы тиіс. Мейлі ағылшынды, не физиканы таңдасаң да қосымша математиканы игеруіңіз керек. Бір пәнді жетік меңгеріп, басқасының шалақ шыққаны тиімсіз. Енді жоғарыда көрсетілген баға бойынша есепте беріңіз. Әр пәнге бір сағаттан бөліп, аптасына 3 рет барыңыз. Репетиторды екі пән бойынша жалдаңыз. Ең төменгі баға 2 мың теңге болсын. Сонда аптасына 2 пәнге 6 сағат уақыт, 12 мың теңге ақша жұмсайсыз. Ал айына шамамен 50 мың теңгеге шығады екен. Бұл – қарапайым қызметкердің бір айлық жалақысы. Бірақ амал жоқ, баласының білім алуы, сынақтан сүрінбеуі үшін осындай қаржы шығаруға тура келеді.


Қала тұрғыны Жәмиля Ізтаева быттыр мектеп бітірген ұлына аз қаражат жұмсамағанын айтады. Өйтсеуір еңбек ақылы, ұлы Алматы қаласындағы жоғары оқу орнының бірінде тегін оқуға мүмкіндік алды.

– Быттыр оқу жылының соңында елде төтенше жағдай жарияланып, қашықтан оқуға, жұмыс істеуге қоштық көй. Сол уақытта мектеп бітіретін ұлымын жайы алаңдатты. 11 сыныпқа көшкелі шамам жеткенше қосымша оқытуға тырыстым. Мектепте жақсы оқығанымен, ҰБТ кезінде жаң-жағына аландымай толыққанды дайын болғаны дұрыс деп ойладым. Содан біз де репетитордың көмегіне

Басы 1-бетте

жүгіндік. Физика, математика пәнін қосымша оқыды. Солай 3-4 ай көлемінде сабақ алды. Негізі мұндай кезде репетитордың сабағы қымбаттай түседі. Әр пәннің сағатына 5 мың теңгедің төлемді ғой деймін. Жалпы қанша қаражат жұмсалғанын есептемедім. Бірақ аз ақша кеткен жоқ. Бар тапқан-таңғанымызды баламыз үшін аямадық, – дейді ол.

РЕПЕТИТОР



РЕПЕТИТОР ҚАЛАЙ ОҚЫТАДЫ?

Шындағында, мектеп мұғалімі мен репетитор сабақты сол мектеп бағдарламасы аясында түсіндіреді. Тек оны бір оқушы қабылдай алады, ал екіншісі түсінбеуі мүмкін. Екінші жағдайда жалдамалы мұғалімнің қажеттілігі артады. Сондықтан ондай өренге оның көмегі тиімді әрі нәтижелі болуы мүмкін.

– Бір жыл көлемінде мен де репетиторлықпен айналыстым. Мұның оқушыға тиімді тұсы көп дер едім. Себебі әр оқушының қабілеті әртүрлі. Кейбір оқушылар топпен жұмыс істегеннен гөрі жеке оқығанда жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Мектептегі сабақ барысында түсінбегенін репетитор қамтиды, үйретеді, меңгертеді. Сол сияқты репетитор да сабақты мектеп бағдарламасымен жүргізеді. Тек сабақты игерудің өзгеше әдіс-тәсілін қолдануы мүмкін. Мәселен, математика пәні бойынша есепті оңай әрі тез шешудің жолын көрсетеді. Сабақты жеке откізгеннің оқушыға пайдасы көп. Дегенмен ата-ана баласын қосымша оқытқанда бір апта бақылау жүргізгені абзал. Егер бұрынғыдан

«Тағзым алаңы» мен «Теміржол саябағы», «Сыр-Ана» монументі қайта жаңғыртудан өткізілді.

Тағы бір атап өтерілігі, 2013-2020 жылдар аралығында 257 аялдама салынды. Сондай-ақ 205 балалар ойын алаңы мен 21 тренажерлі алаңқай салынды. Қазір қала жұрты бұл нысандардың игілігін көруде. Ауыз су бойынша да қолға алынған іс аз емес. Соңғы 8 жылда 345,2 шақырым ауыз су желілері қайта жаңғыртылды. Мұнымен қоса 2013-2020 жылдарды 33,2 шақырым жылу жүйесі қайта жаңғыртылды.

«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында 2011-2019 жылдар аралығында Қызылорда қаласы бойынша 134 көпқабатты тұрғын үйге жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 2020 жылы 37 көпқабатты тұрғын үй жөндеуден өтті. Жалпы 171 көпқабатты тұрғын үй жөндеуден өтті. Сонымен бірге «Қызылорда автобус паркі» ЖШС, «Қызылорда тазалығы» ЖШС секілді мекемелер құрылып, елге қызмет етіп келеді. Қалаға кіретін бағыттың бәріне қақпа орнатылып, жолдары жөнделді. Сыр еліне келген қонақтар қаланың көркі мен тазалығына тамсанып, алғысын жаудырып жатады. Қала келбеті жұрт қызғына да, қызғана да қарайтын жағдайға жетті.

Жасаған жұмысы тікелей ел назарында жүретін Нұрлыбек Нәлібаев осындай тірліктерді атқарып, халықтың жүрегіне жол таба білді. Тіпті өткен жылы республика көлеміндегі қала әкімдері рейтингінде үздік үштіктен көрінді. Қызылорданы адам танымастай етіп өзгертуге улес қосқан, өзіндік қолтаңбасын қалдырған Нұрлыбектей азаматты қызылордалықтар дән-риза деп ойлаймыз. Себебі ел басқарудың оңай еместігі белгілі. Ал бүгін бір қалаға жетекшілік ету кез келгеннің қолынан келе бермейді. Нұрлыбек Машбекұлы осы қаланың отымен кіріп, күлімен шыққан азамат деуге болады.

ӘЖУМАДІЛДӘУЛЫ

өзгеріс байқалса, репетитордың сабақ беру тәсілі балаға түсінікті болса, одан әрі жалғастыруына болады. Керісінше, қолысыз болса, басқа мұғалімді іздегені дұрыс. Көп жағдайда барлығы оқушының зейініне байланысты. Дегенмен репетитормен жеке оқыған көп жағдайда нәтижелі болады, – дейді математика пәнінің мұғалімі, репетитор Гүлжан Сәдуақасова.

олардың әр оқушыны жеке-жеке оқытуға мүмкіндігі бола бермейді. Ұстаздарымыз арқасында, қосымша оқығаның нәтижесінде ҰБТ-дан жоғары балл жинадым. Баласының білім алуы үшін жұмсалған қаражатқа қай ата-ана да өкінбейді деп ойлаймын, – деді ол бізбен әңгімесінде.

МЕКТЕПТЕГІ ҚОСЫМШАҒА КІМ БАРАДЫ?

Кез келген білім ордасында 9-11 сынып оқушыларының тереңінен білім алуына баса мән берілетіні кім-кімге де белгілі. Алдағы маңызды сынақтан сүрінбей өтуі үшін ұстаз да, оқушы да, ата-ана да жанын салады. Мұндайда олардың таңдаған пәндерін тереңдетіп оқыту, сабақтан тыс уақытта қосымша сабақ өткізу секілді тәсілдері бар. Егер бітіруші өрендер репетитордың көмегіне жүгінсе, мектептегі қосымша сабаққа кім барады?

– Қазіргі таңда мұғалімдердің репетиторлықпен айналысуға уақыты бола бермейді. Себебі мектепте 11 сынып оқушыларының дайындығына көңіл бөлу керек. Өзім қызмет ететін №212 мектеп-гимназияда репетиторлықпен айналысатын ұстаздар жоқ. Ал бітіруші түлектердің сынаққа дайындығына үш жақты (ұстаз, оқушы, ата-ана) келісім негізінде арнайы кесте құрылған. Оқушының сабақ барысында түсінбегені, қалыс қалған тақырып қосымша сабақ барысында түсіндіріледі. Репетитордың көмегіне жүгінетін оқушыларымыз бар. Бірақ олар мектептегі қосымша сабақтан тыс уақытта барады. Яғни, кешкілік уақытта, сенбі не жексенбі күндері. Репетиторға бару әр оқушының өз еркінде. Әрине, оған қаржылық шарты жетсе, неге бармаса? Оқушының сабақтан тыс уақытта білімін жетілдіргені құпталарына іс, – дейді қаладағы №212 мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі Айжан Тимурқызы.

P.S. Қазіргі таңда бұрынғыдай тек 11-сынып оқушылары ғана емес мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер де репетитордан алдын ала білім алады. Ата-ананың ондағы ойы – ойын баласы 1-сыныпқа біліп барса, ертеңгі күні киналмаса. Оған өзінің жұмысбастандығын, қазіргі мектеп бағдарламасының ауырлығын, түсініксіздігін, балаға үйде сабақ оқытып отыратын шамасы жоқтығын қоссаңыз. Сұраныса сай бүгінде оқу орталықтары да көбейген. Қалтаңыз көтерсе, ондағы мұғалімдер баланың зейінін ашып, тақылыдағы шығарды.

Зерттей келе, бақағанымыз, бізде репетиторға қажеттілік оқушы мектепке баратын жеке бітірер тұста артады. Расымен, оқушы сабақ барысында түсінбегенін қосымша оқып білсе, немесе кез келген сынып оқушысының ата-анасы баласының біліміне осылай көңіл бөлсе үлгерімі төмен оқушы болмас па еді?! Қалай ойлайсыз, репетитор кімге тиімді?

Айдаңа СЕЙІ

– Қала бойынша биылғы жылға эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге республикалық бюджеттен 48,890 млн теңге бөлінді. Бұл қаражат ветеринариялық іс-шаралар аясында 13 ауру түріне қарсы шаралар және диагностикалық зерттеуге, қан сынамаларын алып және оны жеткізуге жұмсалды. Аталған 13 аурудың алдын алу үшін 10 түріне вакциналау, 2-не аллергиялық зерттеулер мен 1-не дегельминтизация жүргізіледі, – дейді ВБЖҚ Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы Б.Нурманов.

Сондай-ақ бас маманның айтуынша, қала бойынша жергілікті бюджеттен 4,157 млн теңге қаражат бөлінген. Ол қаражатқа МҚК өттеуі, МҚК пироплазмозы, уақ мал бауыр құрты ауруы, жылқының гастрофилезі, сақау ауруына түйенің қатпа ауруы сияқты эпизоотиялық аурулардың алдын алу бағытындағы ветеринариялық іс-шаралары жүргізілді.

Қазіргі таңда шаһардағы қала, кент пен ауылдық округтерде 9 мал көмінділері бар және олардың барлығы тиісті жобадан салынған екен. Жалпы қала бойынша 10 ветеринариялық пунктке 23 маман қызмет етеді. Бас маман ветеринариялық пунктердің барлығы автокөлікпен, жеке қорғаныш құралы, аспаптар, техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтылғанын айтты.

Жауапты маман ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бағдарламасы бойынша АШМ-нің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес бірдейлендіру шаралары талапқа сай жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ биылға арналған ветеринариялық барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес басталған.

АБІРКЕНОВ

БРИФИНГ

Апта басында «ҚР Президенті Жолдауынан туындайтын міндеттердің ауданда жүзеге асуы және алдағы жоспарлары» туралы кезекті баспасөз мәслихатын Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемұлы өткізді. Аудан басшысы БАҚ өкілдері қатысқан жиында ауданда өткен жылы атқарылған жұмысты айтты.

ЖАҢАҚОРҒАН ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

– Жаңақорған ауданы Сыр өңірінің оңтүстік-шығысында орналасқан, ауыл шаруашылығы мен кәсіпке қолайлы мекен. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын бірқатар істер атқарылуда. Аудан облыстық көрсеткіш бойынша өнеркәсіп өнімінің 12,2 процентін, ауыл шаруашылығының 15,4 және кәсіпкерліктің 10 процентін құрады, – деп бастады өз сөзін аудан әкімі Руслан Рүстемов.

Жиында аудан басшысы өткен жылдың басында Жаңақорғанның бюджеті 21,9 млрд теңге болып бекітіліп, жылы соңында 23,9 млрд теңгеден асқанын айтты. Сонымен қатар Руслан Рүстемұлы жиында аудандағы жол жөндеу, инфрақұрылымды дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар туралы сөз қозғалды. Мәселен, Жаңақорғандағы барлығы 26 ауылдық округтің 18 ауылында жалпы ұзындығы 25,2 шақырым жол асфальттанбақ. 4 елді мекенде су арнасын тазалау жұмыстары жүргізіліп, 10 ауылда шағын спорт алаңы, тренажерлік қондырғылар орнатылды. 3 ауылда көшелегі жарық және трансформаторлар қойылмақ.

Жаңақорғанда индустриалды-инновациялық дамудың екінші бесжылдығында ауданда бірнеше инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Оның ішінде биыл шамамен 61 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылмақ. Ондағы 4,3 млрд теңге бюджеттің қаражат есебінен болса, 56,7 млрд теңгені жеке қаржы көздерінен алу жоспарланып отыр. Бұл қаражатқа Шалқия кен байыту фабрикасының құрылысы, томат пастасын

өндіру жобасы, керамзит, кірпіш пен блок шығару, күн электр станциясы, құс фабрикасының жобалары жүзеге асырылмақ.

Ауылшаруашылығы саласында да атқарылар жоба аз емес. Бесарық ауылдық округіне қарасты «Пазылбек қажы» шаруа қожалығында «Акваатерра гидрогелі» су үнемдейтін технологиясымен 500 гектарға мақсары, 100 гектарға жаздық бидай ету жоспарда бар. «Қазіргі таңда жобаға қажетті тұқым сатып алынып, жер айдау жұмыстары жүргізіліп жатыр», – дейді аудан басшысы. Аталған қожалық «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы 225,8 млн теңгеге 19 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алмақшы. Бұл өз кезегінде аудандағы техникалардың 42,7 процентін жаңартпақ. Сондай-ақ ауданда дизель отынын таратушы-оператор болып «Нефть Транс Қызылорда» және «Жаңақорған Ой» ЖШС белгіленген.

Аудан басшысының айтуынша, ауданда 72,1 мың бас мүйізді ірі қара, 268,2 мың бас уақ мал, 19,8 мың бас жылқы, 1,7 мың түйе және 21,8 мың құс бар. Биыл олардан 8,3 мың тонна ет, 13,5 мың тонна сүт, 2,1 млн жұмыртқа өндіру жоспарға енген.

Сонымен қатар биылға жоспарланған құрылыс жұмыстарына республикалық, облыстық бюджеттен 9 млрд теңге бөлінген. Бүгінде аудан орталығында 600 және 300 орындық мектеп, Шалқия кентінде 150 орынға арналған клуб үйі салынууда. Бұл жұмыстың барлығы осы жылы аяқталады деп күтіледі.

ШИЕЛІ: 8 ЕЛДІ МЕКЕН “КӨГІЛДІР ОТЫНҒА” ҚОСЫЛАДЫ

Биыл Шиелі ауданындағы сегіз елді мекенге газ тартылады. Оған 3 млрд теңгеге жуық қаржы қаралған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте Шиелі ауданының әкімі Қамбарбек Мұбараков мәлімдеді.

Қазіргі таңда Шиелі кентіндегі 6351 тұрғын үй, 190 мекеме газға қосылған. Жеке тұрғындардың есебінен Ы.Жақаев және Бидайқол елді мекендерінде газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Қос ауылда 760 үйге газ кіргізілді. Өткен жылдың соңында Байсын елді мекеніне де көгілдір отын берілді. Ауылдағы 140 үй газды пайдаланып отыр.

– Ауданға қарасты ауылдарды «көгілдір отын» қамту жұмыстарын кезең-кезінімен жалғастырып жатырмыз. Н.Бекезанов ауылының газдандыруға өткен жылдың желтоқсан айында 100 млн теңге қаражат бөлініп, газдандыру жұмыстары бастау алды. Бүгінгі таңда осы жобаға қосымша 327 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Биыл Н.Бекезанов ауылын толық газға қосатын боламыз. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қодаманов ауылы газдандыруға республикалық бюджеттен 557 млн теңге қаражат бөлінді. Қазір мердігер мекеме анықталуда. Жақын арада басталады, – дейді Шиелі ауданының әкімі Қамбарбек Мұбараков.

Ақма, Алғабас, Бестам, Ақтоған, Жиделіарық, Еңбекші елді мекендерін газдандыруға жобалық-сметалық құжатты әзірлеп, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттің өтінім тапсырылған. Ал Алматы және Ө.Тәжібаев елді мекендерін газдандыруға жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы күтіледі. Қалған ауылдарға газ тартуға қатысты құжаттарына қаржы қарастырылып, жұмыс жасалуда. Шиеліні ауылшаруашылығы мен кәсіпкерлігі қатар дамып келе жатқан аудан деуге болады.

ЖАЛАҒАШ: ОҚУШЫЛАР ҮЙІ МЕН ӨНЕР МЕКТЕБІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Биыл Жалағаш кентінде 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі пайдалануға беріледі. Бұл туралы Жалағаш ауданының әкімі Асылбек Шәменов өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Өткен жылы Шаменов ауылында апаттық жағдайдағы орта мектеп жанадан салынып, пайдалануға берілді. Аққыр және Мақпалқол ауылдарындағы орта мектеп ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізілді.

– Биыл Таң ауылындағы орта мектеп ғимаратына 333 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізіміз. Ал Аламесек ауылындағы мектепті жөндеуге жоба-сметалық құжат әзірлеп, қаржыландыруға ұсындық. Жалағаш кентіндегі 300 орындық №123 мектеп-лицейді оқушылар саны 700-ден асуына байланысты қосымша 200 оқушыға арналған ғимарат салу үшін 11,2 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттары дайындалуда, – деп аудан әкімі.

Айта кетейік, аудан мектептерінің 75 проценті жаңа модернизациялық кабинеттермен жабдықталған.

Бұл аудандағы нәтижелі жұмыстың бірі – газ кіргізу. Жалағаш кентін газдандырудың жалпы құны 3,5 млрд теңгені құрайды. 2019 жылы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Биыл аудан орталығы түгелдей көгілдір отынға қосылды.

– Биылғы жылы кент тұрғындары газ желісін өз үйлеріне кіргізе алады. Айта кету керек, бұл жұмыстарды тұрғындар жеке қаражаты есебінен жүргізеді. Ал жергілікті бюджеттің есебінен аудан орталығында орналасқан әлеуметтік нысандарды табиғи газға қосу жұмыстары атқарылады, – деп аудан басшысы.

Өткен жылы кенттегі №202 орта мектеп ғимаратын жылу жүйесін орталықтандырылған газ желісіне қосу жұмыстары толық аяқталды. Жоба

Жалпы Шиеліде жол жөндеу жұмыстары да қарқынды жүрген. Аудан әкімінің айтуынша, Шиелі кентіндегі жолдың 85 пайызы, елді мекендер жолының 60 проценті асфальтталған. Биыл кенттегі 21 көше және елді мекендердегі 30 көше жөнделеді.

– Өткен жылы Майлытоғай және Жиделіарық ауылының автомобиль жолдарын қайта жаңғырту мақсатында қаржы бөлініп, асфальтталды. Бұған қоса, «Самара-Шымкент-Желек» автомобиль жолы бойындағы көпірге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деп аудан басшысы.

Сондай-ақ өткен жылы аудан орталығындағы көшелер жарықтандырылып, автокөлік жолдары орташа жөндеуден өтті. Тоғыз көшеге жаяу жүргінші жолы салынды.

Өткен жылы бұл ауданда 52691 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Быттыр аудан орталығынан үш қабатты 18 пәтерлі тұрғын үй салынды. Барлық пәтердің кілті аудан тұрғындарына табысталды.

– Ауданда тұрғын үй кезегінде 1241 адам тұр. Бұл мәселені шешу мақсатында жұмыс биыл да жалғасын табады. Қазір кенттегі «Береке» шағын ауданында 3 бөлмелі бір пәтерлі 25 тұрғын үй салынып жатыр. Көпқабатты тұрғын үй салу жұмысын жалғастырамыз. Мәселен, кенттегі 18 пәтерлі 4 тұрғын үйдің құрылысына республикалық және облыстық бюджеттерден өткен жылы 195 млн теңге қаралса, биыл 524,2 млн теңге бөлінеді. Бұл жұмыстар жыл аяғына дейін толығымен аяқталады, – деп Шиелі ауданының әкімі.

құны – 11,6 млн теңге. Сонымен қатар аудандық бюджеттен 6,5 млн теңге бөлініп, 5 әлеуметтік нысанға газ желісін тарту үшін жобалық-сметалық құжаттары дайындалған. Бұл ауданда көшені жарықтандыру жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар инвестициялық жобалар да жүзеге асырылуда.

Аудан орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлер жөндеуде. Мәселен, өткен жылы демеушілердің көмегімен 10 көпөтерлі үйлердің қас беттерін сырлау-әктеу жұмыстары жүргізілсе, 6 көпөтерлі тұрғын үйлер шатырланып, аумақтары тазартылған.

Ал аудандық бюджеттен 6 миллион теңге бөлініп, кенттегі 5 көпөтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоба-сметалық құжаттары әзірленді.

Сондай-ақ «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2020 жылы Жалағаш кентінен 10 неселік тұрғын үй салынып, оның 3-і бағдарлама арқылы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға табысталды. Қалған тұрғын үйлер бағдарламаға сәйкес баспана кезегінде тұрған азаматтарға берілмек. Биыл да бұл жұмыстар жалғасын тауып, 20 неселік және 10 жалдамалы тұрғын үй салу жоспарлануда.

Бұл аудан ауыл шаруашылығы қанат жайған өңірге жатады. Жалағаш ауданында өткен жылы 22 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілді. Нәтижесінде облыста алыңғы қатардан көрініп, «Үздік аудан» номинациясын жеңіп алды.

«Ақмешіт-ақпарат»



ҚАЛАДА ЭПИЗООТИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Көктем айында ит-құстан үркіп жүретініміз рас. Бос жүрген ит көрсек алыстан айналып өтуге тырысамыз. Себебі «көктемде мал-жан құтырады» деген қауесет жадымызда әбден сақталып қалған. Осы кезеңде ветеринария саласында жұмыстың қызатында да білеміз. Сондықтан шаһардағы жануарлардың кезеңдік ауруларын алдын-алу жұмыстары қалай жүргізіліп жатқанын білу үшін ВБЖҚ қалалық аумақтық инспекциясына хабарластық.

■ АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

13 қаңтар. Бұл күн – қазақ өнері тарихында, ұлт руханияты тарихында алтын әріппен жазылған тиіс күн. Осыдан 95 жыл бұрын, яғни 1926 жылы 13 қаңтарда Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордада мемлекеттік ұлт театры ашылды.

Театр – өркеніетті өнердің айнасы. 1926 жылы 13 қаңтардағы айтулы оқиға – қазақ жұртының өркеніетке жасаған іргелі қадамы еді. Және бір ескермеуге мүмкін емес нәрсе: бұл қадамды жасаған – Алаш зиялылары-тын. Дәлірек айтсақ, театрды ұйымдастырған оған басшылық еткен – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, каламгер, әдебиетші Смағұл Сәдуақасұлы, бірінші театр директоры – Әлихан мен Міржақып үміт артқан азамат Дінше Әділұлы.

Ал мемлекеттік театрдың тұңғыш ресми сахналық қойылымы – белгілі Алаш зиялысы, көрнекті драматург, жазушы Қошқе Кеменгерұлының «Алтын сақина» пьесасы.

Жоғарыда айтылған тарихи шындықтар атышулы 30-жылдардағы қанқасап оқиғадан соң ауызға алынбайтын болды. Театрдың алғашқы аяқ алысы хақында араб карпінде жазылған материалдар кенестік-көрсеткіс билік жылдары бірте-бірте жұрттың жадынан шыға бастады.

оқымыстылардан Ә.Ә.Ермековті, жазушылардан М.О.Әуезовті әдейі дұшпан көз етіп абақтыдан босатып, «Алаштың көрнекті қайраткері өздерінің ұлтшылдық қателіктерін мойындады» деп қулықпен зорлап, ашық хат жаздырған. Бұл хаттарды газеттерге бастырып, жалған насихат үшін пайдаланған. Ол үшін Ахмет Байтұрсынұвтың Ә.Ермеков пен М.Әуезов інілеріне өкпелегенін де естідік. Өйткені өлсе де, тірілсе де бір топтың адамы қиын жолда араларынан қыл өтпей, жік, жарықшақ шығармай бірге болуды дұрыс деп санаған ғой ағаларымыз. Бұл жайттың сырын Ә.Ермеков ақсақал Қарағандыда тұрған кезінде маған былайша түсіндірді: «Қазақстан басшылары бізге кәтемізді мойындасақ, кеңес құрылысына беріле қызмет етсек, жол ашық, кеңшілік болады, өзімізбен бірге тұтқынға калған өзге іні-ағаларымыз да осы жолға түседі дегендей емеурін білдіріп, кәдімгідей қолқа салды. Біз бұған иландық.



Смағұл СӘДУАҚАСҰЛЫ



Дінше ӘДІЛҰЛЫ



Қошқе КЕМЕНГЕРҰЛЫ



90 жылдан кейін қайта сахналанған «Алтын сақина» пьесасы.

Қазір халық жаппай қолданатын тарих, әдебиет оқулықтарынан Сәдуақасұлы, Кеменгерұлы, Әділұлы есімін ұшырастырмайсыз. Тарихты қасақана бұрмалау деген – осы. Саясилаған тарих театрды қашан және кімнің шығармасымен ашылды дейді? Оқиғаны қалай бұрмалайды? Мұны да айттайық. Бұл «тарих» ұлт театры сол 1926 жылы 10 қаңтарда (кей деректерде 13 қаңтарда) М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылды дейді. Ал енді бұл тарихтың неге тырнақшада екеніне тоқталайық.

1930 жылы қазан айында «кеңес өкіметіне қарсылық білдірді» деген айыппен Қошқе Кеменгерұлы, Мұхтар Әуезов, Дінше Әділұлы тағы басқа қырықтан астам азамат ұсталып, НКВД-ның Алматы абақтысына қамалды. Олардың ісі 2 жыл бойы тексерілді де 1932 жылы барлығын дерлік Ресейдің итжеккеніне айдады. Сол ұсталған топтан 1932 жылы үш адам босанды. Үш адамның екеуі – Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков еді. Олар не үшін босады, басқалары нелікпен айдалды – бұл мәселе туралы терең зерттемей пікір айту қиын. Сөйте тұра осыған қатысты Ә.Ермеков аузынан жазылып алынған бір деректі оқырман есіне салғымыз келеді. Ғалыммен сұхбаттасқан белгілі карт каламгер Жайық Бектұров былай дейді: «Ф.И.Голоцкий

Кейін осындай жолмен Ахан, Мағжан, Жүсіпбек... Бәрі де босап шығады ғой деп ойладық. Осы ретпен алдымен мен алдауға түстім. Обалы нешік, Мұхтар інім өздеріңіз білетін белгілі хатқа қол қойғысы келмеді. «Әлеке, түбі бұл үшін тарих алдында сіз өзіңіз жауапты боласыз» деп, көпке дейін хатқа қол қоюға көнбеді. Мен оған: «Қарағым, не қылса да құрық екемізге де түсіп тұр ғой, сенің орнына Жүсіпбек Аймауытовты да, Мағжан Жұмабаевты да алуларына болатын еді. Бұл да бір тағдырдың жазғаны шығар, түбі бір жақсылығы болар, бас тартпа» деп, зорлағанды көндірдім. Бірақ артынша қатты өкінім...» (Ж.Бектұров. Ақиқаты осы еді. Алматы, «Ғылым», 1995, 9-10-беттер).

Әйтеуір 1932 жылы 10 маусымда жазушы Мұхтар Әуезов амалсыз «адастым, жаздым-жаңылдым» деп «Социалды Қазақстан» газетіне мақала жазды да, әдебиет майданына қайта кірді.

Ал ұлт театрына тікелей қатысы бар Смағұл Сәдуақасұлы 1927 жылдан бастап саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1933 жылы тоталитаризмнің жалы күдірейген шақта Мәскеуде жұмбақ өліммен дүниеден өтті. Қошқе мен Діншені сан жүздеген қатарластарының түбіне жеткен 37-нің зұлматы жалмады.

Тырнақша ішіндегі «халық жауынан» безінген өкімет пен зерттеушілер 1926 жылы 13 қаңтардағы оқиғаны осы себепті бұрмалады. Шынтауайтына келгенде, классик М.Әуезов үшін «ұлт театры «Еңлік-Кебекпен» ашылды» деген жалған ақпарат дымға керегі жоқ еді. Тарихи шындықты 70 жылдары белгілі театр зерттеушісі, профессор Бағыбек Құндақбайұлы ғана айтты. Бірақ «жалғыздың үні шықпас» деген, сол бұрмаланған тарих күні бүгінге дейін бұрмаланып келеді. Бұдан театрдың тууы туралы шындық жазылмай жүр деген ұғым тұмаса керек. Рәзия Рүстембекова, осы жолдардың авторы, Қошқенің шөбересі, жас ғалым Қайырбек Кеменгер түрлі басылымда жазуын жазды, алайда еститін құлақ, ескеретін сая мамандары да аз болып тұр. 1996 жылдың басында және соныңда (бұдан кейінгі мерейтойларында да) театр туралы бірсыпыра өнер адамдарының, Асқар Токпанұлы айтқандай, «кем-театрдың» жауапты адамдарының мақала, сұхбаттары жалпы ақпарат құралдары арқылы берілді. Өкінішке қарай, солардың баршасы да ақиқат тарихтан хабарсыз болып шықты. Біз алдын ала «тағы да құдай ұрып қалмамын» деп, тарихи шындықты «Азаттық» радиосы арқылы және айтып (12.1.1996), осы мәселені орыс тіліндегі «Ошибки или искажения» атты мақаламызда («Горизонт» газеті, 15.III.1996) ашық көтерген едік. Бірақ сен бұзылар емес.

1926 жылдың 13 қаңтары тарихи маңызды күн екенін айтақтайтын жазба дерек мол-ақ. Соның бірсыпырасын көрсетейік. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылы қаңтар айындағы бірнеше санының бірінші бетінде басылған хабарландыру текті төмендегідей: «Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да мемлекеттік ұлт театрының мерекесі болады. Театр әртістері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан концерт, демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады.

Театр директоры Дінше».

Смағұл Сәдуақасұлы театрдың қанатқақты рөсімінен кейін жазған «Баянды еңбек күтеміз» атты мақаласында: «Гинуардың 13-і күні ұлт театрының ашылу күніне арнап қойылған ойындарында ойнаушылардың келешегінен үміт тудырған болды. Бұлардың ойындарын тәуір десек те, нашар десек те, жай сөз есебінде емес, ғылым жөнінен тексеріп, толық сын беруе жарайтын көлеге келіп отыр», – десе («Еңбекші қазақ», 20.01.1926). «Алтын сақина» ойыны туралы» атты талдау-сын мақаласында: «Гинуардың 13-і күні Қ.Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнады. Сауық кеші ұлт театрының ашылуына арналды. Бұл сауық бұрынғы болып жүрген сауықтарға қарағанда недәуір көңілдірек өтті деуге болады: әртістеріміздің ұлт театрын ұлт сарынына лайықты түрде жүргізуге талаптары барын, қызметтің дұрыс бағытта жүруіне мүмкіндік барын көрсетті», – деп («Еңбекші қазақ», 24.01.1926) ерекше атап өтті. Екі еңбегінде де ол 13 қаңтарда Қошқе Кеменгерұлының «Алтын сақинасымен» шымылдығы ресми ашылған мемлекеттік ұлт театрының болашағына сәттілік тіледі.

«Алтынның сынығы» деп халық орынды атап жүрген Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнәр Дулатова театрдың ашылу салтанатына әке-шешесімен барғанын, Қ.Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» тамашалағанын, өнер мерекесіне Алаш зиялылары түгелге жуық қатынасқанын естелік етіп айтып кеткен.

Біз осынау ақиқат деректі мәлім ете отырып, мемлекеттік ұлт театры әлі ашылмаған кезде оның ұйытқысы болған, дарынды актерлар 1925 жылдың қазан айының соңы мен 1926 жылдың қаңтар айының басына дейін жүргізген даярлық жұмыстарының барысында және жоғарыда айтылған жылдың 13 қаңтарынан кейін Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасын сахналағанын жоққа шығармаймыз.

Биыл Қошқе Кеменгерұлының туғанына 125 жыл толды. Қазақ халқы үшін бұл айтулы мерейтой кешегі мемлекеттік ұлт театрының, бүгінгі мемлекеттік академиялық театрдың 95 жылдық мерекесімен тұспа-тұс келді. Бұл сәйкестік, бәлкім, кездейсоқ емес шығар. Мұхтар Әуезов Қошқе туралы: «Талант еді, алғыр болатын, маңдайымызға сыймай кетті ғой», – дейді екен. Бұлардың екеуі де большевизм дүниені сойқандаған жылдары отаршыл Сібір ревкомның тізесі батқан қазақ жерінен – бірі Семей, екіншісі Ақмола губернесінен шығып, Түркістанның астанасы Ташкентті шығармашылығына пана еткен, өзара сыйласқан азаматтар-тын. Ғалымдыққа да қатар талап жасады. 1930 жылдың күзінде НКВД жазықсыз ұстағанда, екеуі бірдей Орта Азия университеті шығыстану факультетінің аспиранттары еді. 1958 жылы Қ.Кеменгерұлы ресми ақталғанын кейін М.Әуезов оның есімін тарихқа ендіру үшін бірсыпыра іс ақтарды. Кітабын шығаруға қолдау жасады. Бірақ Мұхтардың алғы сөзімен (ағырау көрсетілмеген) ұсынылған Қошқе жинағы ірі жазушы дүниеден өткен соң, 1965 жылы жарық көрді...

Ал Смағұл Сәдуақасұлы мен Мұхтар Әуезовтің өмірдегі байланысы, рухани туыстығы туралы баспасөз бетінде арнайы сөз еткенбіз («Парасат» журналы, 1996 жыл, №1).

Келер жылы Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толады. Мемлекет дәрежесінде өтетін бұл мерейтой мәдениетіміз бен өнеріміздің бір асуы болмақ. Біздіңше, мемлекет театрын қалыптастырудағы Алаш зиялыларының еңбегі жөнінде, 1926 жылғы 13 қаңтардағы руханияттың айтулы оқиғасы хақында тарихи шындықты Мұхтар мерейтойы шеңберінде өткізілетін ғылыми конференцияда айтудың жөні бар.

Күңтізбегі 13 қаңтарды көрген сайын ерте ме, кеш пе, бұл күн – қазақ әмбебап өнерінің күні болып белгіленетініне сенгің келеді.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры,
ҚР ҰҒА академигі

АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАБЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

«Ашаршылық пен оның сұмдық зардаптары кезекті кезеңің алапат гуманитарлық зұлматы болды.

Халқымыз сұранып қырганда ұшырады.

Ашаршылықтан бір жарым миллионнан астам адам қырылды. Алты жүз мыңнан астам қазақ аштық пен зобалданған қанып туған елінен көшіп кетті.

Бұл біздің халқымыздың жетінде мәңгі қалатын, ұмытылмайтын жезі жарасы.

Ол қазақстандықтардың жүрегінде мәңгі қалады»
(Н.НАЗАРБАЕВ)

1927 жылдың желтоқсанында БК (б) XV съезінде шаруашылықты дамыту мәселесі қаралып, атышулы ұжымдастыру науқаны дүниеге келді. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жаңадан өкімшілік-аумақтық бөлікшеу басталды.

Қызылорда өңірлік комитетінің елдегі экономикалық ахуалдың құлдырауына орай жергілікті нан өнімдерінің шығаратын қадағалай отырып, үнемдеу үшін тұтынушылар контингентін төмендегідей құрған:

а) Қызылорда округі бойынша өнеркәсіп орталықтары отбасылары мен қызметкерлері мен жұмысшыларына Қазалы және Арал, Қызылорда қаласы, Рыбасоюз, Аралрыбтрес, Қарсақбай комбинаты;

б) кооперативтік бөлімшелерге күрші колхоздары мен совхоздарына, Кендір бюро, Қазақ су шаруашылығының жұмысшылары мен қызметкерлеріне және отбасыларына;

в) балалар үйлеріне, мектеп-интернаттарға, ауруханаларға, түзеу үйлеріне, изоляторларға т.б. жабық мекемелерге, қоғамдық асханаларға;

г) агроучастоктерге, ауруханаларға, мектептерге партиялық, кеңестердің аудандық орталықтарына отбасыларына, жұмысшыларына.

Нанды бөлу, таратудың да нормалары әзірленген:

а) ауыр физикалық еңбек ететін жұмысшыларға (теңіз балықшылары, жер қазушылар, тау кен орындары, шахталарға, жүк көтерушілерге, ұсталарға) – 800 граммнан;

б) өзге жұмысшыларға – 600 граммнан;

в) балалар үйі және интернаттар, мектептер үшін – 400 граммнан;

г) басқа барлық категориядағы еңбек ететін жұмысшыларға – 300 граммнан бөлінген. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды еріксіз отырықшылыққа бейімдеу басталады. Осылайша асыра сілтеудің күшімен мал шаруашылығы отырықшылыққа зорлықпен таңылды.

1929 жылы Қызылорда өңірлік БК (б) П Қызылорда өлкелік комитетінің ауылшаруашылық салығы компанияларының есебі жөнінде резолюцияда ұсақ мал басының есебін жүргізуде қанағаттанарлықсыз нәтиже барысы айқындалған. Әсіресе, Аламекек және Арал, Қарсақбай, Қазалы аудандары бойынша есеп алу ең төменгі нәтиже көрсетілген. Салық пен кіріс есептеу жұмысы әлсіреген. Байлардың мүлкін жасыруға қатысты айыппұл салу саясаты да дұрыс

жүргізілмегендігі туралы жазылған. Осы мәселелерді басшылыққа ала отырып, жеке салық салуға және жеңілдіктерден айырау жататын бай-қулақ фермаларын одан әрі анықтауды қамтамасыз ету қажеттігі басты назарға алынған.

Архив құжаттарындағы Қазалы ауданы бойынша ауылшаруашылығы салық жұмысының жағдайы бойынша БК (б) П Қызылорда округтік комитетінің хатшысы болған Абдулла Ахметұлы Розыбакиев Қазалы аудандық комитетіне жеділет жолдап, онда аудандағы бай-қулақтарды дұрыс анықтауға мәселесі, ауылшаруашылығы салығының түсімі аздығы жөнінде мәселелер көтерілген. Сонымен қатар, Қазалы ауданындағы жағдай бойынша «Сыр бойы» газеті редакциясымен бірлесіп, Қазалы ауданы бойынша материалдарды баспа бетіне жариялау бойынша бюро қаулысын шығарған.

Ауылдық кеңестердің жұмыс шарттарының түбегейлі өзгеруіне орай ұжымдастыру саясатының жалпы жаңа тапсырмалары бай-қулақтарды жоюда өңірлік комитет есеп тексеру компанияларымен бірлесіп, науқанға дұрыс қатыспаған ауылдық кеңестерді қайта сайлауды ұсынған құжаттар архив дерегінде жазылған.

А.УЗАКБАЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің
қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының
І санатты архивісі

Үздік атанған Диляра



Әр мамандықтың өзіндік қиындығы бар екені рас, бірақ мұғалім болу – үлкен жауапкершілік. Өйткені ол – адам тағдырына жауапты. Бала шақтан болашаққа, балалықтан даналыққа дейінгі аралықта өтетін құбылыстың барлығы өз бастауын мұғалімнен алады. Бір-бір үйдің еркесін қолынан ұстап, маңдайынан сипап, бауырына қысып, оларға шеті мен шеті көрінбейтін білім атты дарияның алғашқы тамшысынан дом татқызып, уақыт өткен сайын оның тереңіндегі небір асыл маржандарын тергізіп, рухани ләззатқа бөлейтін мұғалімді тіршіліктің күретамамы десе де болады.

Мұғалімдік – мамандық атауының бастауы. Мейлі ой, мейлі дене еңбегімен айналы-

сатындардың қайсысы болса да өзінің бағындырған биігінің алғашқы баспалдағын мұғалімнің көмегімен аттап, биік шыңына да мұғалімнің демеуімен көтерілетіні ақиқат. Сондықтан да бүгін бір ұрпақты білім нәрімен сусындататын ұстаздар қауымына қандай құрмет көрсетсек те артық болмайды. Қаламыздағы №2 Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектептің мұғалімі Диляра Каримова талай шәкіртті қанаттандырған ұстаз. Ол «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған. 21 жыл педагогика саласында қажырлы еңбек етіп келе жатқан ұстаз география пәнінен дәріс береді.

Диляра Эрикқызы Білім және ғылым министрінің алғашқы хатшысы, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, қалалық білім бөлімінің алғашқы хатшысы, 2012 жылы «Жұлдызды жыл ұстазы» аталымымен марапатталған. 2014 жылы «Әкім грантының» иегері атанса, өткен жылы Білім және ғылым министрінің «Құрмет» грамотасын иеленген.

– Ұстаздың аялы алақаны барша ұлтты тәрбиелейді десек артық емес. Себебі жас буыннан күтер

үміттің ақталуы педагогтардың ерен еңбегіне тәуелді. Білім тұрақтылығын, орнықтылығын ғана емес, тазалықты да керек ететіні белгілі. Білім ордасынан түлеп ұшқан әрбір шәкірт оқуын тәмамдап, жұмысқа орналасып, өмірде алдаспай өз орнын тапса, біз үшін үлкен жетістік, – дейді кейіпкеріміз.

Диляра Эрикқызының шәкірттері бүгінде республикалық, облыстық долаларда топ жарып жүр. Бірі жоғары оқу орындарына грантка оқуға түссе, өзгесі шетел асып, білім алады. Оған ұстаздың да марқайып қалатынына көзіміз жетті.

Мұғалім – еңбеккер қауым. Әр балаңыз жүрек қалтарысындағы иірімдерді дәл тауып, көңіл пернесінің ауенін деп басып, көкейіндегі көзінен таңитын мұғалім бойынан ұлтқа деген қамқорлық, балаға деген мейірім көрдік. Шәкірттері мақтан тұтатын ұстазға алдағы уақытта абырой тілейміз.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

ӨРЕНДЕР КЕУДЕСІНДЕ «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ»

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен қолға алынған жас таланттар мен көшбасшыларды қолдау бағытындағы «Ел үміті» атты жаңа жоба аясында облыстың 62 оқушысы «Елбасы медальін» иеленді.

Бұл жоба – индустрия, бизнес, ғылым, медицина, білім беру және мемлекеттік басқару саласы бойынша кәсіпқой элитаға лайық оқушылар мен жастарды анықтау, оларға қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылып отыр.

«Елбасы медальі» алтын, күміс, қола деңгейі бойынша сарапталды. Ол үшін оқушылар 6 айдан бір жарым жылға дейінгі аралықта еңбектенді. Яғни қола медальді иелену үшін 6 ай, күміске 12 ай, алтынға жету үшін 18 ай бойы тынымсыз

күреседі. Жоғары оқу орны, колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасынан жоба талабын орындап, оза шапқандар үздік атанады. Бұған облыс бойынша 430 оқушы қатысқан. Оның 57-сі қаладағы білім ошақтарының оқушылары.

Жоба қорытындысы бойынша үздік деп танылған аймақтың 62 оқушысы қола жүлдегер атанып, «Елбасы медальін» иемденді. Соның бірі – қаладағы №101 мектеп-лицейдің оқушысы Бексұтан Әбдіраш.

– «Елбасы медальі» жобасы ұлттық деңгейде ұйымдастырылған. Жеті бағытты қамтитын жобадан спорт және дене шынықтыру, дарын мен дағды, еріктілік, кітап оқу, ұлттық мұра, туристік саяхаттар, еңбек тәжірибесі бойынша тапсырмалар берілді. Берілген тапсырманы 6 ай бойы талапқа сай орындауға тырыстым. Нәтижесінде жобаның қола жүлдегері атандым. Жобаға қатысу барысында қиындықтар болды. Алайда мен уақытымды тиімді өткізуді, мақсат қоюды, өз-өзімді дамытуды үйрендім, – дейді Бексұтанның өзі бізбен әңгімесінде.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте



ДДСҰ ВАКЦИНАЛАУДЫҢ БАЯУЛЫҒЫНА НАРАЗЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропада халықты коронавирустан қорғау мақсатында жүргізіліп жатқан вакциналау науқанына көңілері толмайтынын айтты. Сондай-ақ аймақта ахуалдың күрделеніп бара жатқанын, ал екі салу компанияларының жұмысы баяу екенін айтты. Осыған орай BBC арнасы «Covid: Еуропадағы вакциналау – «сым баяу», – ДДСҰ» атты арнайы бағдарлама дайындады.



«Вакциналау – біздің пандемияны жеңудегі басты құралымыз. Бірақ екі салу жұмыстары баяу жүріп жатыр, есесіне вирус жұқтырғандар қатары артууда», – деді Еуропадағы ДСҰ директоры Ханс Клоге. Сондай-ақ басты екі салу қарқынын үдетіп, қоймадағы барлық вакцина флакондарын тезірек қолдану керектігін айтқан. Ал екі уақытты жеткізілмей жатқан елдерге уақытша шектеу шараларын қабылдауды ұсынды.

Арна тілшілерінің хабарлауына ДДСҰ-ның Еуропа аймағындағы 50-ге жуық елде коронавирустың таралуы көбейген. Денсаулық сақтау ұйымының есептеуіне 1,6 млн вирус жұқтырғандар тіркеліп, 24000 адам көз жұмған. Вирус жұқтырғандардың арасында барлық жас ерекшелігі де бар екен. Ал аймақтағы 900 млн адамның тек 10 проценті вакцинаның алғашқы дозасын салдырған.

Ханс Клогенің айтуынша, Еуропадағы коронавирустан көз жұмғандар саны бір миллионға жуықтап қалған және ауырғандар саны 45 млн адамға жеткен. Онымен қоса ұйым басшысы алдағы келе жатқан Рамазан, Пасха секілді мерекелер кезінде сақтық шарасын күшейту қажеттігін ескерткен.

Еуроодақтың тек 16 процент халқы вакциналанған. Себебі Еуроодақ AstraZeneca-мен келіссөздер жүргізуге асықпағандықтан екіні жеткізу қызметінде проблемалар туындады. Бұл 52 процент халқы вакциналанған Ұлыбританиямен саяси кикілжіңді де туындатты. Pfizer-BioNTech пен Moderna жүргізілген келіссөздер кезінде де екіні шығару мен тасымалдауда қиындықтар туындады.

Ал Еуроодақтың басқарушы органдары вакцинаны қолдануға да рұқсатты бірден берген жоқ. Кейбір адамдарға кері әсерін тигізді деген сыбыстан кейін AstraZeneca екіні салу сәл бәсеңдеп қалды. Кейін елде жастағыларға бұл екіні етуге болмайды деген тұжырым да вакциналау науқанына кері әсерін тигізді. Мұның барлығы AstraZeneca вакцинасына деген сенімсіздік туындатты.

Вакциналау науқаны көңілге қоныссыз болса, ілетін өршуі қайта басталды. Франция президенті Э.Макрон елдегі жаңа шектеулерді қабылдаған соң премьер-министр Жан Кастекс «Үшінші толқын келіп жетті» деп, жаңа шектеудің тінін тарқатып айтты. Оның ішінде енді Франциядағы көптеген масан күйде жүруге және елдің 19 аймағына баруға шектеу қойылғаны туралы айтты.

Мамыр айында Евровидение шарасы Роттердамдағы Ахоу аренасында өткізілмек. Бағдарлама авторлары Нидерландтың 3500 көрерменге қатысуға рұқсат беретінін жазды. Ал Испанияда вирус жұқтыру дерегі көбейіп, 100 000 адамға шаққанда 152 жұқтыру дерегіне жеткен. Оның ішінде Мадрид пен Наварра вирус жұқтырғандар көп аймаққа жатқызылған. Тілшілер сонымен қатар Германияда вирус жұқтырушылар саны өскенін, соңғы тәулікте 24300 дерекке жеткенін хабарлады. Жаңа деректің 90 пайызы британдық штамм делінген.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НУРАЗҒАЛИ

МЕКТЕПТЕГІ ЖЫЛЫЖАЙ

ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ ЖЫЛЫ ӘҢГІМЕ

Қызылордада жылыжай шаруашылығы жақсы қолға алынып келеді. Жалпы Сыр өңірінің климаты ерекше ыстық және құрғақтығы басым аймаққа жататынын белгілі. Содан да болар, біздің қалада жасыл желектің жайқалып өсуі қиын деген пікірді жиі естиміз. Дегенмен ынта, ықылас болса, бұл пікірге келісе қоюға болмайды. Аймақта ағаштың да, жемістің де түр-түрін өсіруге болады. Соңғы кезде қаладағы мектептердің ауласында жылыжай орнатыла бастағанын көріп жүрміз. Соның ішінде аумағы жағынан ең үлкені осы №261 орта мектепте екенін байқадық. Мұндағы жылыжай 200 шаршы метрді құрайды.

Жылыжай ішіне кіргенімізде бізді жауапты мамандар қарсы алды. Олар – биология, химия, физика пәндерінің мұғалімдері. Яғни ұстаздар оқушылармен бірлесіп, көкөніс, гүл түрлерін өсіруді қолға алуда. Мұндағы өнім түрлері тамшылату әдісімен суарылады.

Жұмысты жылыжайға арналған дақылдарды егуден бастадық. Осы кезде қиярдың бірнеше түрін, келесі қатарға шалам, одан кейінгі қатарға баялды, асқек секілді көкөністерді егіп жатырмыз. Арасында гүлдер де отырғызылады. Сонымен қатар қызанақ та бар. Әрбір өнім ерекше күтімді қажет етеді, – деді биология пәнінің мұғалімі Шыңболат Есенов.

Оған қоса жақында жылыжайдың алғашқы өнімі шалам көкөнісі пісті.

– Қызанақ пен қиярдан бөлек, біз тағамға пайдаланатын көкөністерді егеміз деді. Бір жағынан басқа жылыжайларға қарағанда өзгеше болғанын қаладық. Сондай-ақ бұл жерде



биология пәнінің мұғалімі оқушылармен практикалық сабақ өтеді. Оқушылардың қызығушылығы басым, – деді мектеп директоры.

Ал жылыжайдан піскен табиғи өнімдер қайда барады десеңіз, мұның да жауабын мектеп директоры берді.

– Өзімізде оқушыларға арналған асхана бар. Негізі 310 бала ыстық тамақпен қамтылған. Балаларға табиғи әрі таза өнім беру мақсатында осы жылыжайдағы өнімдерді асханаға береміз. Бір жағынан оқушылар өздерінің

еккен өнімдерін жейтін болады, – деді білім ордасының басшысы.

Мектеп директоры мамандарының жұмысын қадағалап, жылыжай ішін аралап, тіпті бізбен бірге шалам өнімінен дәм татты. Негізі бау-бақша да бала сияқты бапты қажет етеді. Ал жылыжайдың жайы мүлдем басқаша. Ондағы температура мен жарықты қалыпты сақтап тұру, күн сайын күтіміне көңіл бөлу керек. Бірақ мектептің биолог мамандары бәрін рет-ретімен атқаруда. Осылайша жылыжайда еңбек қызып тұр.

Тілші түйіні:

Көктем келді дегенше, шаламға тоятын кез келді дегендей, мектеп жылыжайының алғашқы өнімі денсаулыққа пайдалы осы шалам болды. Алдағы уақытта Қарлығаш Әбдрахманованың жоспары көп. Көкөніспен бірге құлпынай және жүзімді де өсіруді көздеп отыр. Оған қоса жылыжайдың жұмысын одан әрі дамыту үшін мамандармен бірлесіп тәжірибе алмасу ойы да бар.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Басы 1-бетте

ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ МАТЕРИК

Басылым бетіндегі танымдық ақпараттар үлесін арттыру мақсатында «Ең, ең, ең...» айдарын ашуды жөн көрдік. Бұл айдарда әлемнің ең ерекше жерлері, қызықты мәліметтер мен ерекше орындар туралы жазбалар жарық көреді. Жаңа айдардың шымылдығын ашатын – әлемдегі ең ірі материк.



Жердегі ең ірі деп саналатын материк – ауданы 53,3 млн шаршы километрді құрайтын Еуразия. Ол Еуропа мен Азияны жалғайтындықтан Еуразия деп аталған. Жалпы бұл материк ішкі суға бай. Мұндағы өзендер төрт мұхит алабына жатады. Құрлықтың орталық бөлігінде Каспий мен Арал теңізі, Балқаш пен Лобдор көлі секілді дүние жүзіндегі ең аумақты ішкі ағын аумағы бар. Еуразия 840 метр биікпен Антарктидіден кейінгі биік құрлық болып саналса, әлемдегі ең биік шың Джомолунгма осы құрлықта орналасқан.

Сондай-ақ ең ірі материкте Арктикадан бастап экваторға дейінгі барлық климаттық белдеулер таралған. Құрлық көбіне біртұтас және үлкен болған соң мұнда климаттың континенттік типі басым. Жердегі ең халқы көп және тығыз орналасқан құрлық – осы Еуразия. Мұнда дүниежүзінің ¼ бөлігі орналасқан. Оның ішінде Батыс Еуропа, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда халық көп шоғырланған. Еуразияда әлем халқының 4 млрд-тан астамы тұрады және әлемдегі жетекші мемлекеттер арасында орналасқан.

А.БІРКЕНОВ

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ҰРЛАҒАН

Полицияға облыс орталығының тұрғыны арызданған болатын. Белгілі болғандай, жәбірленушінің құны 380000 теңге тұратын

«iPhone 11» үлгісіндегі смартфон ұрланған.

Жедел-іздістіру іс-шаралары барысында Қызылорда қалалық полиция басқармасының қызметкерлері ұрлық жасаған күдіктіні ұстады. Ол бұрын сотты болған, 1973 жылы туған қала тұрғыны болып шықты. Ұялы телефон несінесі қайтарылды.

Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 188-бабы бойынша тергеу жұмыстары жүргізілуде.

Күдіктіге қатысты ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды.

САУДА ҰЙЫНЕН ЭЛЕКТРОНЫ ҚОЛ САҒАТЫНЫҢ ТЕЛЕФОН ҚУАТТАҒЫНЫ ЖӘНЕ НОУТБУК СӨМКЕСІНІҢ ҰРЛАҒАНДЫҒЫН КӨРСЕТКЕН.

ҚР ІІМ Байқоңыр қаласындағы өкілігіне Байқоңыр қаласының тұрғыны арызданған. Арызында ол Төреғам кентіндегі «Sulrak» техника дүкенінен сатылымда тұрған электронды қол сағатының, телефон қуаттағығы және ноутбук сөмкесінің ұрланғандығын көрсеткен.

Жедел іздістіру жұмыстарының нәтижесінде күдікті анықталып, ұсталды. Байқоңыр қаласының 18 жастағы тұрғыны қолхатпен ата-анасына тапсырылды. Дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 188-бабының 2-бөлігімен сотқа дейінгі тексеру амалдары жүргізілуде.



ПЫШАҚПЕН КІСІ ӨЛТІРГЕН

Осы жылдың 29 наурызында Қызылорда қаласындағы жеке үйлердің бірінде облыс орталығындағы екі тұрғынның спирттік ішімдікті мөлшерден тыс пайдалануы қайғылы жағдайға әкеп соқты.

Ішімдік ішкен екі азамат жанжалдасып, салдарынан олардың бірі екіншісінің аяғына пышақ жаратқанын салған. Соңғысы оқиға орнында қайтыс болды.

Күдіктіні полиция қызметкерлері ізін суытпай ұстап, қалалық полиция басқармасына жеткізді. Тергеу барысында оның бұрын сотталған, қаланың жұмыссыз тұрғыны екені анықталған. Қазір ол уақытша ұстау изоляторында қамауда. Сот сараптамалары тағайындалған.

Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 99-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Қылмыстың осы түрін жасағаны үшін сот шешімімен сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІ ҚАҚҚАН

23 наурызда сағат түнгі 23:52 шамасында Қызылорда қаласы, Бұқарбай батыр көшесінің бойында жаяу жүргіншілер отпелімен өткені болған екі азаматшаны белгісіз автокөліктің қақпағына тұрағы полицияға хабарлауы белгілі.

Оқиға жедел түрде іздістіру шаралары басталып, сұрастыру жұмыстары жүргізілді.

Кешенді іздістіру шараларының нәтижесінде 1 сағат ішінде күдікті автокөлік анықталды. Көлік тізіндіген 36 жастағы қала тұрғынына қатысты оқиға орнында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 610-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды. Жаяу жүргіншілердің өмірі мен денсаулығына қауіп жоқ.

Жедел әрекет еткен облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының іздістіру тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы полиция майоры Нартай Азат ізін суытпай күдікті автокөлікті анықтады.

Материалдар облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінен алынды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атпасына 2 рет, сәйбесің, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерімен сөйлесу келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4850 Тапсырыс №471

Немірдің кезекші редакторы Аслан НУРАЗҒАЛИ